

1997 жылғы 18 қарашадағы Қарашығанақ мұнайгаз конденсаты кен орны мердігерлік учаскесінің өнімін бөлу туралы түпкілікті келісім шеңберінде әлеуметтік жобаларға қаржылай қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 26 тамыздағы № 839 Қаулысы

1997 жылғы 18 қарашадағы Қарашығанақ мұнайгаз конденсаты кен орны мердігерлік учаскесінің өнімін бөлу туралы түпкілікті келісім (бұдан әрі - ӨБТК) шеңберінде Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігінің:

1) Мердігердің 2010 жылы ӨБТК бойынша Батыс Қазақстан облысы Орал қаласының әлеуметтік жобаларына 20 (жиырма) миллион АҚШ долларын бөлуі туралы ;

2) жоғарыда аталған шығындарды ӨБТК шарттарында көзделген өтелетін шығындарға жатқызу туралы ұсынысына келісім берілсін.

2. Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулының 1-тармағын іске асыру жөніндегі қажетті шараларды қ а б ы л д а с ы н .

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К. Мәсімов